

## Түсіндірме жазба

Алматы облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясының қызметін тиімді қамтамасыз ету үшін және оған жүктелген міндеттерді орындауға 2020 жылға облыстық бюджеттен **013 бюджеттік бағдарлама "Облыс Қазақстан халқы Ассамблеясының қызметін қамтамасыз етуге"** Облыс әкімі аппаратының «Достық үйі – Қоғамдық келісім орталығы» КММ-ның азаматтық қызметкерлері мен жұмысшыларының қызметін қамтамасыз ету, ұлттық саясатты жүзеге асыру үшін этносаралық бейбітшілік пен келісімді сақтау, Ассамблеяның негізгі стратегиялық құжаттарын түсіндіру және насихаттауға 101 504,0 мың теңге қаражат қарастырылған.

Қарастырылған қаражат 99,9 % (пайызға), яғни 101 500,0 мың теңге толық көлемде игерілді. Тікелей нәтиже көрсеткіштері - жүктелген функцияларды орындау мақсатында КММ-нің штат саны шегінде қызметін қамтамасыз етуге 100 % (пайыз) қол жеткізілді.

Бюджеттік бағдарлама қаражатының 4,0 мың теңгесі жалақы қорынан және мемлекеттік сатып алудан қалған үнем есебінен пайда болған.

Бас бухгалтер



А. Нүсіпбаева